

Бұйрық №4

02.09.2024ж

«2024-2025 оқу жылына «Амир 07» ЖШС “Аманат” жеке балабақшасында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023 ж. №56) «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне сәйкес бұйырамын:

7. «Амир 07» ЖШС “Аманат” жеке балабақшасында қамқоршылық кеңестің қосымшада көрсетілген құрамымен жұмысы ұйымдастырылсын.
8. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі жоғарыда аталған қағидаларына сәйкес жүргізілсін.
9. МДҰ-ның жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатыссын.
10. «Амир 07» ЖШС “Аманат” жеке балабақшасында қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселер бойынша ақпаратты ұсынуға ықпал етсін.
11. Мектепке дейінгі ұйым жыл сайын қаржылық жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатын пайдалануы және қозғалысы туралы жұртышылықты хабардар етсін.
12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жұмыстарына әдіскер жүктелсін.

«Амир 07» ЖШС

“Аманат” жеке балабақшасында меңгерушісі: **А.А. Бергеналиева**



**«Амир 07» ЖШС «Аманат» балабақшасы
Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы**

№	Аты-жөні	Атқаратын қызметі	Кеңестегі лауазымы
1.	Н.А.Байхатова	Жеке кәсіпкер	Кеңес төрайымы
2.	Р.Г. Турдашева	№17 «Ақжелкен» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі;	Кеңес мүшесі
3.	А.Г. Джуманиязова	ЖК жеке кәсіпкер	Кеңес мүшесі
4.	И.Д. Мурзаханова	Жеке кәсіпкер	Кеңес мүшесі
5.	Ж.Қ. Сүндетов	бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі;	Кеңес мүшесі
6.	Е.М. Айтлесов	құқық қорғау органдарының өкілі;	Кеңес мүшесі
7.	Ж.Ж. Сүйешова	ата-аналардың өкілі	Кеңес мүшесі
8.	Д.С. Қаратаева	ата-аналардың өкілі.	Кеңес мүшесі
9.	А.З. Ғазиз	Ата-аналардың өкілі	Кеңес мүшесі

Хатшы :  А.Б.Пазыл



Бекітемін:
«Амир 07» ЖШС «Аманат» балабақшасы
Меңгерушісі *А.А. Бергеналиева*

**Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

«Амир 07» ЖШС «Аманат» балабақшасы

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімдері	Жауаптылар
1.	ҚР Білім және ғылым министрлігінің 27.06.2017 ж. №355 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 01.03 №56 бұйрығына сәйкес Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу. 2. 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңесті құру. 3. Бөбекжай-балабақша ғимаратының қысқы кезеңге дайындығын қарастыру. 4. 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.	Қазан 2024ж	Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, балабақша меңгерушісі.
2.	1. Қысқы учаскелерді қардан газалауға ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру. 2. Жаңа жылдық мерекелерге дайындыққа көмек көрсету (топтар мен аумақтарды безендіру). 3. Ас мәзіріне енгізілетін өзгерістерді қарастыру. 4. Наурыз мерекелік іс-шарасына қатысуға дайындық мәселелері.	Желтоқсан 2024ж	Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, балабақша меңгерушісі.
3.	1. Балабақша аумағын көркейту және абаттандыру жұмыстарына ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету. 2. Балабақшадағы тамақтану сапасын бақылау нәтижелерін қарастыру.	Наурыз 2025ж	Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, балабақша меңгерушісі.
4.	1. 2024–2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңес жұмысының қорытынды отырысын өткізу. 2. Жаз мезгіліне топтар мен учаскелерді косметикалық жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру. 3. Балалар күніне орай қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.	Мамыр 2025ж	Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, балабақша меңгерушісі.

ХАТТАМА №1

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Өткізілген күні: 7 қазан 2024 ж.

Өткізілген орны: Аманат жеке балабақшасы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай-балабақша меңгерушісі.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 27.06.2017 ж. №355 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 ж. №56 бұйрығына сәйкес Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу.
2. 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңесті құру.
3. Балабақша ғимаратының қысқы кезеңге дайындығын қарастыру.
4. 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрайымы ҚР Білім және ғылым министрлігінің №355 бұйрығы мен ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. №56 бұйрығына сәйкес кеңес жұмысының типтік ережелерімен таныстырды.
2. Екінші мәселе бойынша 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің құрамы ұсынылып, мүшелер бірауыздан бекітілді.
3. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі ғимараттың қысқы кезеңге дайындығы туралы ақпарат берді. Жылыту жүйесін тексеру, терезелерді окшаулау және қауіпсіздік шараларын күшейту қажеттігі айтылды.
4. Төртінші мәселе бойынша 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары талқыланып, ұсыныстар енгізілді және бекітуге ұсынылды.

ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ҚР нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
2. 2024–2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілсін.
3. Балабақша ғимаратының қысқы кезеңге дайындығы бақылауға алынсын.
4. 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Жауаптылар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, балабақша меңгерушісі.

Хатшы: А.Б.Пазыл

Қолы: 

ХАТТАМА №2

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Өткізілген күні: 2 желтоқсан 2024 ж.

Өткізілген орны: Аманат жеке балабақшасы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелері, балабақша меңгерушісі.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру.
2. Жаңа жылдық мерекелерге дайындыққа көмек көрсету (топтар мен аумақтарды безендіру).
3. Ас мәзіріне енгізілетін өзгерістерді қарастыру.
4. Наурыз мерекелік іс-шарасына қатысуға дайындық мәселелері.

ТЫҢДАЛДЫ:


1. Бірінші мәселе бойынша кеңес мүшелері қысқы учаскелерді қардан тазалау жұмыстарына ата-аналарды тарту қажеттігін талқылады. Жауапты тұлғалар бекітіліп, сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.
2. Екінші мәселе бойынша Жаңа жыл мерекесіне дайындық жұмыстары қарастырылды. Топ бөлмелерін және балабақша ауласын безендіруге ата-аналарды қатыстыру ұсынылды.
3. Үшінші мәселе бойынша ас мәзіріне енгізілетін өзгерістер талқыланып, балалардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында ұсыныстар қабылданды.
4. Төртінші мәселе бойынша Наурыз мерекесіне дайындық жұмыстары қарастырылып, іс-шараға ата-аналар мен кеңес мүшелерінің белсенді қатысуы жоспарланды.

ШЕШІМ:

1. Қысқы учаскелерді қардан тазалау жұмыстарына ата-аналарды тарту ұйымдастырылсын.
2. Жаңа жылдық мерекелерге дайындық барысында безендіру жұмыстарына қолдау көрсетілсін.
3. Ас мәзіріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін және бақылауға алынсын.
4. Наурыз мерекесіне дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Жауаптылар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, балабақша меңгерушісі.

Хатшы: А.Б.Пазыл

Қолы:  _____

ХАТТАМА №3

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Өткізілген күні: 17 наурыз 2025 ж.

Өткізілген орны: Аманат жеке балабақшасы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай-балабақша меңгерушісі.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақша аумағын көркейту және абаттандыру жұмыстарына ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету.
2. Балабақшадағы тамақтану сапасын бақылау нәтижелерін қарастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша аумағын көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына ата-аналарды тарту мәселесі қарастырылды. Аумақты тазалау, ағаш отырғызу және ойын алаңдарын ретке келтіру жұмыстарына бірлесіп қатысу туралы шешім қабылданды.
2. Екінші мәселе бойынша балабақшадағы тамақтану сапасына жүргізілген бақылау нәтижелері тыңдалды. Ас мәзірінің санитарлық талаптарға сәйкестігі және балалардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

ШЕШІМ:

1. Балабақша аумағын көркейту және абаттандыру жұмыстарына ата-аналардың қатысуы ұйымдастырылсын.
2. Тамақтану сапасын бақылау нәтижелері ескеріліп, ас мәзірін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізілсін.

Жауаптылар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, балабақша меңгерушісі.

Хатшы: А.Б.Пазыл

Қолы:  _____

ХАТТАМА №4

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Өткізілген күні: 13 мамыр 2025 ж.

Өткізілген орны: Аманат жеке балабақшасы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелері, бөбекжай-балабақша меңгерушісі.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңес жұмысының қорытынды отырысын өткізу.
2. Жаз мезгіліне топтар мен учаскелерді косметикалық жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Балалар күніне орай қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша 2024–2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарының қорытындысы тыңдалды. Жыл бойы атқарылған іс-шаралар талданып, нәтижелер қанағаттанарлық деп бағаланды.
2. Екінші мәселе бойынша жаз мезгіліне топ бөлмелері мен балабақша аумағын косметикалық жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі қарастырылды. Жөндеу жұмыстарын ата-аналар мен ұжымның бірлесіп жүргізуі ұсынылды.
3. Үшінші мәселе бойынша Балалар күніне орай қайырымдылық акциясын ұйымдастыру, әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға көмек көрсету және мерекелік іс-шара өткізу жоспарланды.

ШЕШІМ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаз мезгіліне арналған косметикалық жөндеу жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
3. Балалар күніне орай қайырымдылық акциясы өткізілсін.

Жауаптылар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүшелері, балабақша меңгерушісі.

Хатшы: А.Б.Пазыл

Қолы: 